

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Павлодар қаласы Жетекші ауылы әкімінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 1 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Павлодар қаласы Жетекші ауылы әкімінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 шілдеде № 28829 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 - бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Павлодар қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 27 маусымдағы № 1-26/289 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Павлодар облысы Павлодар қаласы Жетекші ауылының аумағында ірі қара малдың жұқпалы ринотрахеит, вирустық диарея аурулардың жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Павлодар қаласы Жетекші ауылы әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2022 жылғы 23 мамырдағы № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28178 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Жетекші ауылының әкімі*

*Н. Абдрахманов*